



**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Ақпараттық-маркетингілік жүйесі жұмысының ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2002 жылғы 7 қаңтардағы N 3 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 4 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1740. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 4 қазандағы № 1-4/502 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.04 № 1-4/502 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2000 жылғы 30 қазандағы N 1627 P001627_ "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингілік жүйесін қалыптастыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысын іске асыру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпараттық-маркетингілік жүйесі жұмысының ережесін бекітілсін.

2. Стратегия және мемлекеттік реттеу Департаменті (Тажмакин Д.К.) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Вице-Министр Л. Мусинаға тапсырылсын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне кіреді.

Министрдің м.а.

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрі

"___" _____ 2001 ж.

БЕКІТІЛДІ:

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2002 жылғы 7 қаңтардағы

N 03 бұйрығымен

**Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі**

ақпарат-маркетинг жүйесінің жұмыс істеу

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ақпарат-маркетинг жүйесінің осы жұмыс істеу Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпарат-маркетинг жүйесін қалыптастыру мәселелері туралы" 2000 жылғы 30 қазандағы N 1627 P001627_ қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпарат-маркетинг жүйесін ұйымдастырудың негізгі принциптерін белгілейді және оған қатысушылардың өзара іс-қимылының, құқықтары мен міндеттерінің нысандарын реттейді.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылған:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпарат-маркетинг жүйесі (бұдан әрі - АШМ АқМЖ) - мемлекеттік реттеу органдары мен аграрлық сектор субъектілерінің өзара байланысының тұрақты жұмыс істейтін жүйесі;

2) АШМ АқМЖ Әкімшілігі - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

3) АШМ АқМЖ-не қатысушылар - АШМ АқМЖ Әкімшілігіне ақпарат беретін мемлекеттік органдар.

4. Берілетін ақпарат көздері:

1) облыстық ауыл шаруашылығы департаменттері;
2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі;
3) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі;

4) Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

6) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

7) Тауар биржалары мен көтерме сауда рыноктары.

2. АШМ АқМЖ-нің мақсаты мен негізгі міндеттері

5. АШМ АқМЖ-нің мақсаты:

1) ауылшаруашылық тауарларын өндірушілер мен мемлекеттік органдар арасында талдау және маркетинг ақпаратының жедел алмасылуын қамтамасыз ету;

2) саланың тиімді мемлекеттік реттелуін қамтамасыз ету.

6. АШМ АқМЖ-нің негізгі міндеттері:

1) ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің өз проблемаларын анықтауы мен

тұжырымдауына, нұсқаларды талдауына және шешімдерді негізді түрде таңдауына, қабылданған шешімдерді жүзеге асыру уәждемелерін арттыруына, олардың нәтижелерін бағалауына және ауылдағы басқа тауар өндірушілермен ақпарат алмасуына жәрдемдесу;

2) ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне ауылшаруашылық өнімін өндірудің, өңдеудің және өткізудің түрлі жай-жапсарлары бойынша үнемі жаңартылып отыратын ақпарат, соның ішінде шаруашылық жүргізудің жаңа технологиялары мен жүйелерін беру;

3) аграрлық саясаттың тиімді шараларын әзірлеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану және құрылып жатқан корпоративтік желінің көмегімен ақпарат алмасу арқылы АШМ АқМЖ Әкімшілігі мен селолық тауар өндірушілер арасында екіжақты байланысты қамтамасыз ету;

4) аграрлық секторда шаруашылық жүргізу жүйесі мен әдістерінің жақсартылуына инновациялардың таралуына жәрдемдесу;

5) ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің рыноктағы жағдайларын нығайту үшін олардың тиімді жұмыс істейтін ұйымдарына қолдау көрсету;

6) аграрлық рынокқа және оған сабақтас салаларға қатысушылардың бәрінің осы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;

7) аграрлық рыноктың жай-күйі мен үрдістері туралы жүйелі талдау материалдарын әзірлеу мен тарату мақсатында ақпараттар жинау және оны талдап өңдеу болып табылады.

3. АШМ АқМЖ-нің құрылымы

7. АШМ АқМЖ-і Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жұмыс істеп тұрған компьютерлік корпоративтік желісінің мүмкіндіктерін пайдалану негізінде құрылады. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық ауыл шаруашылығы департаменттері бөлінген линиялар арқылы, ал аудандар коммутациялық линиялар арқылы қосылады. АШМ АқМЖ құрылымы мына т о р а п т а р д ы қ а м т и д ы :

АШМ АқМЖ әкімшілігі (1 бірлік, сервер және АШМ АқМЖ жабдығы);

ҚР АШМ-нің аумақтық бөлімшелері:

облыстық (14 бірлік, 2 компьютерден);

қалалық (36 бірлік, 2 компьютерден және 1 модемнен);

аудандық (161 бірлік, 2 компьютерден және 1 модемнен);

ауыл шаруашылығы департаменттері:

облыстық (14 бірлік, 2 компьютерден);

аудандық (161 бірлік, 2 компьютерден және 1 модемнен).

4. АШМ АқМЖ Әкімшілігі мен қатысушыларының өзара іс-қимыл жасау тәртібі

8. АШМ АқМЖ-нің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі әкімшілік функцияларын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асырады, оған сондай-ақ АШМ АқМЖ-не қатысушылардың өзара іс-қимылын үйлестіру мәселелері жүктеледі.

9. АШМ АқМЖ тоқсандық, жылдық және болашақ жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады, олар белгілі бір басымдықтарға сәйкес селолық тауар өндірушілердің ақпараттық қажеттіктерінің проблемаларын талдау негізінде әзірленеді.

10. Қатысушыларды АШМ АқМЖ-не қосу АШМ АқМЖ-нің Әкімшілігімен шарт негізінде тегін жүргізіледі.

11. АШМ АқМЖ-не қатысушылар АШМ АқМЖ-нің Әкімшілігіне ақпаратты белгіленген тәртіппен береді.

12. Төменгі деңгейлерден (аудан, облыс) алынған ақпарат өңделеді және:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпарат бюллетеніне;

2) АШМ АқМЖ Әкімшілігінің Web-sit-іне;

3) Бұқаралық ақпарат құралдарына беру үшін жинақталады.

5. АШМ АқМЖ Әкімшілігінің функциялары

13. АШМ АқМЖ Әкімшілігінің функциялары:

1) АШМ АқМЖ-нің толассыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) АШМ АқМЖ-не қатысушылардың өзара іс-қимылдарын үйлестіру, АШМ АқМЖ-не қатысушылардың есептеме деректерін беруінің Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен келісілген нысандарын әзірлеу мен беру;

3) АШМ АқМЖ-ін әзірлеуге және жасауға байланысты шараларды қаржыландыруға бөлінген қаражатты мақсатқа сай пайдалану;

4) қатысушылардың АШМ АқМЖ-мен жұмыс істей алуын қамтамасыз ету.

14. Әкімшіліктің АШМ АқМЖ-нің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі құзыреті мыналарды қамтиды:

1) ауылшаруашылық өндірісі дамуының жай-күйі мен үрдістерін талдау негізінде ауылшаруашылық тауарларын өндірушілер үшін ұсыныс-кеңестер әзірлеу;

2) ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің ақпараттық қажеттерін талдау негізінде аймақтық консультациялық-ақпарат бағдарламаларының басымдықтарын бірлесіп айқындау және шаралардың жыл сайынғы жоспарларын әзірлеу;

3) ауылшаруашылық өндірісінің осы заманғы технологиялары туралы ақпарат беру;

4) жаңа технологиялар, техника түрлерін, ауылшаруашылық өндірісін

жүргізудің жүйелері мен әдістерін әзірлеуді, жергілікті жағдайларға бейімдеуді, тәуелсіз сараптамадан (сынақтан) өткізуді аймақтық бөлімшелермен бірлесе ұйымдастыру мен қамтамасыз ету;

5) туындайтын мәселелерді шешу мақсатында селолық тауар өндірушілердің проблемалары туралы орталық және жергілікті мемлекеттік органдарды хабардар ету, олардың ауылшаруашылық өндірісіне қатысушылардың бәрімен өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

6) ауылшаруашылық өндірісінің түрі жай-жапсарлары бойынша ақпараттық және оқу-әдістемелік материалдар, соның ішінде оны жүргізудің жаңа технологиялары мен әдістерін әзірлеу және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен оларды тарату;

7) шаруашылық қызметін жоспарлау мен басқару, қаржы және инвестициялық талдау, экологиялық талаптарды ескере отырып ресурстарды пайдалануды оңтайландыру жөнінде консультациялық қызметтер көрсету;

8) ауылшаруашылық өндірісінің көрсеткіштерін жинақтау мен нәтижелерін талдау, оның тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар мен шаралар әзірлеу;

9) бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын зерделеу мен тарату;

10) АШМ АқМЖ-нің деректер базасын жергілікті жағдайларға бейімдеу, аймақтық деректер базаларын және ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің қажеттеріне бағдарланған қолданбалы бағдарламалық құралдар жасау және оларды жүзеге асыру.

6. АШМ АқМЖ-не Қатысушылардың функциялары

15. АШМ АқМЖ-не Қатысушылар функциялары:

1) АШМ АқМЖ-нің Әкімшілігі бекіткен тәртіпке және АШМ АқМЖ-нің Әкімшілігі әзірлеп, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен келісілген нысандарға сәйкес ақпараттық деректерді дер кезінде беру;

2) нақты деректер берілуін қамтамасыз ету.

7. Ақпарат жинау мен беру тәртібі

16. АШМ АқМЖ-не қатысушылар ақпаратты есеп берудің белгіленген мерзімдері мен нысандарына сәйкес АШМ АқМЖ Әкімшілігіне жібереді.

17. Ведомстволық (салалық) есептеменің арнайы әзірленген нысандары төменгі деңгейлерден (аудан, облыс) ең алдымен АШМ АқМЖ Әкімшілігінің серверлік бөліміне келіп түсуге тиіс, содан соң онда техникалық қызметкерлер алынған ақпаратты сұрыптап, АШМ АқМЖ Әкімшілігінің жұмыс істеп тұрған ішкі жергілікті желісі арқылы Департаменттерге жібереді.

8. Деректерді рұқсатсыз көшірме жасаудан қорғау

18. Аппараттық-бағдарламалық құралдар талаптарға(стандарттарға) сәйкес келуге және оны электрондық өңдеудің кез келген кезеңінде ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс.

9. Қаржыландыру көзі

19. АШМ АқМЖ-ін қаржыландыру:

1) 78 "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыру" бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен;

2) 31 "Ауыл шаруашылығында ақпарат-маркетинг жүйесін дамыту"бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен (әкімдермен келісім бойынша және мәслихаттардың шешімі негізінде) жүзеге асырылады.

20. Бөлінетін қаражат тек қана белгіленген мақсатқа, жоспарлы жылдық мақсаттар шегінде, республикалық немесе жергілікті бюджет бекіткен тиісті бағдарлама (қосалқы бағдарлама) бойынша пайдаланылуға тиіс.

21. Республикалық бюджет қаражатының пайдаланылуы мен жұмсалуды үшін жауапкершілік АШМ АқМЖ-нің Әкімшілігіне жүктеледі.

10. Техникалық шешім

22. АШМ АқМЖ-ін техникамен қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

1) компьютер жабдығын сатып алу;
жұмыс стансасы;
бағдарламамен қамтамасыз етілген сервер;
қолда бар серверлерді жаңғырту;
маршрутизаторлар;
принтерлер;
модем;
үздіксіз қоректендіру құрылғысы;
желілік сүзгі;
дискеттер.

2) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу мен сатып алу.

23. АШМ АқМЖ-не арналған бағдарламалық қамтамасыз ету:

1) желіге қатысушылар арасындағы құжат айналымын жүйелеуге;

2) деректер базасын басқаруға;

3) ақпаратты талдап өңдеуге;

4) өңделген ақпараттың АқМЖ-нің корпорациялық желісінің сайттарында берілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл орайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" 2000 жылғы 5 қазандағы N 1501 Қаулысының 2-тармағына сәйкес, сатып алынатын ақпараттық

жәнебағдарламалық қамтамасыз етудің белгіленген талаптар мен стандарттарға техникалық тұрғыдан сай келуіне байланысты мәселелер Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісілуге тиіс.

11. Ақпарат құпиялылығы

24. АШМ АқМЖ-нің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" заңының 13-бабына сәйкес, АШМ АқМЖ-нің Әкімшілігіне берілген бастапқы статистикалық ақпарат құпиялылығын қамтамасыз етеді.

25. Құпия ақпараттың жария етілуіне кінәлі адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

М а м а н д а р : О м а р б е к о в а А . Т .

Жұманазарова А.Б.